

ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨРКЕМӨНЕРІ



Әріптестер мен шетелдік қонақтар арасында

Бұдан бір жыл бұрын біздер, қазақтың жас көркемөнерінің қызметшілері, бүкілодақтық сахнада Мәскеудің таңдамалы адамдарының алдында алғашқы рет ойын көрсеттік. Онда бізді ұшы-қиыры жоқ шексіз шаттық, қуаныш, бақыт сезімі кернеді. Сонымен бірге біз аздап күдіктеніп, жүрексіндік те. Біз өзімізге өзіміз: «Чайковский мен Римский-Корсаков ойындарымен тәрбиеленген мәскеулік жолдастарымызға біздің арқаның әндері мен күйлері әсер ете ме; Каголовтың, Щукиннің, Тарасованың ойындарын көрген адамдарды біздің ойындарымыз еріте ала ма; классикалық балетті білетін адамдарға біздің билеріміз ұнай ма?» – деген сұрақ қойдық. Бұл күдіктеріміз орынсыз екен. Мәскеу бізді айрықша жылы шыраймен қарсы алды...

...Өзіміздің шығармашылық

жұмысымызда мәскеулік жолдастарымыздың берген кеңестері мен тілектерін іске асыруға тырыстық.

Мәскеудегі декададан кейін біздің істеген алғашқы жұмысымыз қазақтың «Ер Тарғын» атты операсын құру болды. Бұл өзімізге алған міндеттерімізді орындауда бізге зор сын болды, сонымен бірге қазақтың музыка көркемөнерін өркендетудің келесі кезеңі болды. Қазақтың тұңғыш операсын құруда біз көркемөнердің халықтылығы, оның түсініктілігі, халықтың тарихын дұрыс көрсету туралы және көркемсуретілігі туралы нұсқауларды жұмыстарымыздың негізі етіп қоюға тырыстық. Бізге бұл қиын, бірақ қуанышты міндет болды.

Қазақстанның шефі Ленин қаласына біз осы жұмысымызды алып келдік. Біз тек музыкалы пьесілер мен мәскеулік жолдастарға мәлім қазақ әндері мен билерді ғана әкеліп қойғанымыз жоқ, сонымен бірге жаңа операны, халықтың жаңа билерін, жаңа өлеңдерді, қазақ жастарынан шыққан жаңа актерлерді әкелдік.

Дүниежүзінің театр мәдениетінің жақсы үлгілерімен таныс Ленинградтың алдыңғы қатардағы қауымының беделді сөздерін біз асыға күттік. Біздің жаңа жұмысымызды Ленинградтағы жолдастарымыз да, сондай-ақ орталық баспагерлер де толық мақұлдады деп зор қуанышпен айта аламыз.

Біз Ленинградта тек қана мастерлігімізді көрсетіп қойғанымыз жоқ, сонымен бірге көп өнеге үйрендік. Біз Ленинградта бір ай бойы болдық, өзіміздің туған ауылымыз сияқты бізге барлық жерде жәрдем беріп,

жолдастық көңілмен қарсы алды. Зауыттарда, әскер кемелерінде, пионерлер сарайында, театрлар мен клубтарда біз Ленинградта таңдаулы адамдармен кездестік. Тарихи ескерткіштерді, музейлерді, галереяларды, Совет Одағының мақтанышы тамаша қаланы аралап көрдік.

Біз Ленинградтағы алғашқы рет Корчагина – Александрованың, Самойлованың, Бабочкиннің және басқаларының ойындарын зор қуанышпен көрдік, оларға сүйсініп, таңдандық. Мәдениет шеберлері – жазушылар, әртістер, композиторлар, суретшілер біздің коллективіміздің қолма-қол араласуы бізге көп өнеге берді. Жарасқан достық әңгімелерде олар өздерінің тәжірибесін бізбен ортаға салды, біздің жұмысымыз туралы құнды бірқатар нұсқау берді, бізді өздерінің шығармашылық лабораториясына кіргізді.

Біздің Ленинградтағы жұмысымыз Советтер Одағының көркемөнері алуан түрлі екенін тағы да көрсетті. Біздің Отанымыздағы әр ұлттың көркемөнері тығыз байланысып қалыптасып жатыр, әр халықтың шығармасының жақсы үлгілері Советтің ұлы көркемөнерінің ортақ қорына түседі. Жұмыстағы жақсы үлгілерді өзара ортаға салудың, өзара тексерудің және бірімізден-біріміз үйренудің қажеттігі осыдан шығады.

Біздер, қазақтар, тек алдыңғы қатардағы орыс халқының көркемөнері шеберлерінен ғана емес, сонымен қатар біздің туысқандарымыз – грузин, өзбек, украин, беларусь, әзірбайжан және басқа халықтардан үйренуді өзіміз үшін зор қуанышты іс деп санаймыз.

Біздің таныстығымыз — қазақтың советтік үлкен көркемөнерін құру жолындағы тек алғашқы адым. Қазақтың көркемөнер қызметтерінің міндеті – күнбе-күн үйрене отырып, өзінің шығармашылық жұмысының сапасын арттыру және театр мәдениетінің жаңа биігіне шығу. Біз халық оркестрінің негізіне сүйеніп опера құрдық. Енді қазіргі заманды көрсететін опера жазуымыз керек. Сонымен қатар қазақтың жаңа білетін және ұлттық музыкалы комедия құруымыз керек.

«Социалды Қазақстан», 1937, 15 мамыр